Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOǴAI AJARY

1938 жылдың 15 тамызынан бастап шығады

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 27 (7969) 26 шілде, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

## Жаңартылған энергетика сыртқа тәуелділіктен арылтады

*Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына кезекті Жолдауы елімізде іске асырылып жатқан реформалардың заңды жалғасы іспетті.*

*Мемлекет басшысы Жолдауда инфрақұрылымның тозуын ескере отырып, елдің энергетикалық қауіпсіздігіне ерекше назар аударды. Бұл мәселе ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.*

*Энергетикалық қауіпсіздік мәселесі, сарапшылардың пікірінше, қазірдің өзінде күн тәртібінде тұр. Көрші елдерге тәуелді болмас үшін өзіміздің энергетикалық ресурстарымызды пайдалану қажет. Осыған байланысты алдағы бес жылда көлемі кемінде 14 гигаватт болатын жаңа энергетикалық қуаттар енгізілетін болады. 2023 жылы Екібастұз ГРЭС-1 бірінші блогын қайта жаңарту аяқталып, станцияда барлық 8 блок жұмыс істейтін болады. ГРЭС-2 кеңейту жобасы іске асырылуда, ГРЭС-3 құрылысы бойынша жоба бастау жоспары тұр.*

*Осы жұмыс шеңберінде жаңартылған энергия көздерінің дамуына байланысты энергетика саласын басқару бойынша тәсілдерді жетілдіру жоспарлануда. Халықаралық сарапшылардың пікірінше, жаһандық күрделі салымдардың шамамен үштен бірі қазірдің өзінде жаңартылатын энергетика жобаларына тиесілі. Бұл мәселеде табиғатты қосымша электр энергиясын өндіру үшін пайдалануға мүмкіндік беретін гидроэлектростанцияларды салу мен жаңғыртуға ерекше рөл берілген. «Астана» Халықаралық қаржы орталығының базасында да «жасыл» қаржыландыруды тарту үшін алаң құрылады.*

*Экономикалық ынтымақтастық даму ұйымы стандарттарын ескере отырып, экономиканың барлық секторларының қолданыстағы энергия тиімділігі саясатын, оның ішінде ресурс үнемдеу жөніндегі нормативтік талаптарды енгізу жолымен қайта қарау жүзеге асырылатын болады.*

***Н.Омарбеков,***
***аудандық мәслихат депутаты,***
***Сарышаған кенті.***




***Туған жерге туыңды тік**

## Домбыра композициясын орнатып берді

Отан – әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Отан – сенің туған елің, туған жерің. Отан -– бұл өзіңнің тұратын, өмір сүретін, қызмет ететін жерің. Осы үлкен Отанның ішінде әр адамның өзі туған, өзіне өте жақын ауылы, қаласы, көшесі бар. Әрбір адам үшін туған ел, туған жер әруақытта да қымбат. Өйткені, сен туған өлке, саған алтын бесік – атамекен болып саналады. Туған ел, туған жерсіз адамның күні жоқ. Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Туған жер – әркімнің шыр етіп жерге түскен, бауырында еңбектеп, қаз басқан қасиетті мекені, талай жанның өмірбақи тұратын өлкесі. Осы орайда Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың: «Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысқан, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім біледі? Ыстық қой, шіркін туған жер!» деген сөзі есіме түседі. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақ-



талмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. «Туған жерге туыңды тік!» – деген дана халқымыз. Бұл – әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне сүйіспеншілікті білдіреді. Яғни, кез-келген азамат өзінің тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне терең бойлай білуі керек. Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына сүйіспеншілік, патриоттық сезімді қалыптастыру керектігін атап өтті. Жаз айының жадыраған күндерінің бірінде Шабанбай би ауылы Ә.Ермеков атындағы орта мектептің осыдан 40 жыл бұрын мектеп бітірген түлектер туған жерге, білім алған ұяларына келді. Жай келмеді, туған жерге тағзым етіп, білім алған алтын ордаға арнайы сыйлықтарын жасады. 1984 жылғы түлектер мектепке сыйлық жасап, клуб үйінің алдына «Домбыра композициясы» мен әуенді орындық орнатып жерлестердің батасын алды. Домбыра композициясының ашылу салтанатында ауылдық округ әкімі А.Мұрасов құттықтау сөз сөйлесе, аналарымыз шашу шашып, ауыл ақсақалы Қ.Есхожин бата берді.

**Г.Елеусізова,**
**Шабанбай би ауылдық округі.**

# 2024 жылғы 11 тамызға тағайындалған Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімін сайлау

**Ақтоғай ауданы әкіміне үміткер Қ.О.Нөкештің сайлаушылармен кездесу өткізу кестесі**

| № | Кездесу күні мен уақыты | Кездесу орны | Кандидаттың Т. А. Ә., Кім ұсынды |
|---|---|---|---|
| 1 | 23.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Жаланаш ауылы, Астана көшесі №22А, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Жаланаш ауылдық клуб үйінің ғимараты | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 2 | 23.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылы, Бәйтерек көшесі №61, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Үшарал ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 3 | 23.07.2024 Сағ 15-00 ден 16-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы Жастар көшесі №5/2, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сауле ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 4 | 24.07.2024 Сағ 11-00 ден 12-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, Бейбітшілік көшесі №6, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақши ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 5 | 25.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Қарамендe би ауылдық округі, Ақтас ауылы, Еңбек көшесі №7 КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты, Ақтас ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 6 | 25.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Қарамендe би ауылдық округі, Қуаныш ауылы 2 көше №112, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Қуаныш ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 7 | 26.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округі, Ақжарық ауылы, У.Жәнібеков көшесі №10, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақжарық ауылдық клуб | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 8 | 26.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат | Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылдық округі, Шабанбай би ауылы Бөкейхан көшесі №12, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Шабанбай би ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 9 | 29.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Сарытерек ауылдық округі, Сарытерек ауылы, Парасат көшесі №18/А, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сарытерек ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 10 | 30.07.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Нүркен ауылдық округі, Нүркен ауылы, Жалантөс көшесі №6, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Нүркен ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 11 | 31.07.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Ортадересін ауылдық округі, Ортадересін ауылы, Жаушыков көшесі №20, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ортадересін ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 12 | 01.08.2024 Сағ 11-00 ден 12-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Шашубай кенті, Ақбергенова көшесі №3, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Шашубай кенттік клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 13 | 02.08.2024 Сағ 11-00 ден 12-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық округі, Тасарал ауылы ауылы, Ағыбай батыр көшесі №5, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Тасарал ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 14 | 05.08.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы Сарашыған кенті, Абай көшесі №12, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Сарышыған кенттік клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 15 | 06.08.2024 Сағ 10-00 ден 11-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Айыртас ауылдық округі, Айыртас ауылы көшесі №7, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Айыртас ауылдық клуб үйінің ғимараты | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 16 | 06.08.2024 Сағ 12-00 ден 13-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Қусақ ауылдық округі, Қошқар ауылы, Мәдениет көшесі №15, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Қошқар ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 17 | 06.08.2024 Сағ 15-00 ден 16-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Абай ауылдық округі, Абай ауылы көшесі №8, КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Абай ауылдық клуб үйінің ғимараты. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |
| 18 | 09.08.2024 Сағ 11-00 ден 12-00 дейін (1 сағат) | Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі №2 ғимаратта орналасқан КМҚК «Ақтоғай мәдени бос уақыт өткізу орталығына» қарасты Ақтоғай аудандық мәдениет үйі. | **Нөкеш Қайрат Оразұлы** Қазақстанның «АҚ ЖОЛ» Демократиялық Партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы |

**Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.**

# Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

**26 шілде 2024 жыл**

**2024 жылдың 17 қыркүйек сағат 15.00-де,** Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі мекен жайы бойынша орналасқан Ақтоғай ауданы әкімдігінің кіші акт залында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін (жалға) уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру бойынша конкурс өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді тіркеу және қабылдау **2024 жылдың 26 тамызынан 2024 жылдың 16 қыркүйек сағат 18.30-ға** дейін, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан ММ-де жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беріледі. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғаларымен (шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталында шетелдіктердің, шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтағы жоқ тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамын құрайтын заңды тұлғалардан басқа) Қазақстан Республикасының азаматтары ақпараттық хабармен орнатылған мерзімінен кешіктірмей конкурсқа қатысуға рәсімделген өтінім жіберіледі.

Келесі жер учаскелері конкурсқа шығарылады, төменде көрсетілген кестеге сәйкес:

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері (ауылдық округ маңайы, жер учаскесінің лот № | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандауы | Жалпы ауданы, га жалға беру мерзімі, жылы | Алқаптардың құрамы, оның ішінде | | | | Орташа балл бонитеті | Сумен қамтамасыз етілуі | Өзгеде |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Егіс тік | Шабындық | Жайылымдық | Басқа алқаптар | | | |
| 1 | Жер қоры лот №47 | Мал шаруашылығы | 2000,0000 12 жыл | | | 1997,0000 | 3,0000 | 4 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 2 | Жер қоры лот №49 | Мал шаруашылығы | 2000,0000 12 жыл | | 100,0000 | 1897,6000 | 2,4000 | 7 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 3 | Қарабұлақ ауылдық округі лот №50 | Мал шаруашылығы | 27,0000 12 жыл | | | 27,0000 | | 14 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 4 | Жер қоры лот №51 | Мал шаруашылығы | 4000,0000 12 жыл | | | 3995,0000 | 5,0000 | 5 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 5 | Қусақ ауылдық округі лот №52 | Мал шаруашылығы | 467,9298 12 жыл | | 75,0000 | 392,4298 | 0,50000 | 15 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 6 | Қусақ ауылдық округі лот №53 | Мал шаруашылығы | 1450,0000 12 жыл | | 200,0000 | 1244,0000 | 6,0000 | 14 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 7 | Қусақ ауылдық округі лот №54 | Мал шаруашылығы | 1503,9741 12 жыл | | | 1197,0000 | 6,9741 | 9 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 8 | Шабанбай би ауылдық округі лот №55 | Мал шаруашылығы | 849,0000 12 жыл | | 200,0000 | 643,0000 | 6,0000 | 9 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 9 | Қараменде би ауылдық округі лот №56 | Мал шаруашылығы | 320,0000 12 жыл | | | 319,2000 | 0,8000 | 12 | Қамтамасыз етілмеген | |
| 10 | Жер қоры лот №57 | Мал шаруашылығы | 2000,0000 12 жыл | | | 1998,8000 | 1,2000 | 2 | Қамтамасыз етілмеген | |

**Конкурстық ұсыныста:**

1. бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2. шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс 2024 жылдың 17 қыркүйек сағат 15.00-ге дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсанындағы № 518 бұйрығымен бекітілген «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қағидағы және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Жер Кодексінің 43, 43-1, 48 бабының талаптарына сәйкес өткізіледі.

Қосымша ақпаратты, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Ә.Бөкейхан көшесі 10Г (2 қабат, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ) мекенжайында орналасқан, «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінен ала аласыздар. Байланыс телефондары: 8710-37-2-12-92; 2-13-83, электронды мекенжайы _aktogai_zher23@mail.ru.

**Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі.**

# ИЗВЕЩЕНИЕ

## о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в Актогайском районе Карагандинской области

**26 июля 2024 года**

**17 сентября 2024 года в 15-00 часов** в здании акимата района, малый актовый зал село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 4, расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 4 состоится конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Для участия в конкурсе подаются следующие документы:

1. Заявка на участие в конкурсе;
2. Конкурсное предложение;

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе будут осуществляться **с 26 августа 2024 года до 18:30 часов 16 сентября 2024 года** в ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства», расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 10Г.

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» до окончания срока представления заявок.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К конкурсу допускаются граждане Республики Казахстан и негосударственные юридические лица, зарегистрированные в установленном порядке, кроме иностранных юридических лиц, а также юридических лиц, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов) оформившие заявку на участие в конкурсе в срок, не позднее установленного извещением

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

| № | Направление от ближащего населенного пункта земельных участков, № лот) | Сельскохозяйственная специализация региона | Общая площадь. Срок аренды лет | Сельхоз угодии в.т.ч | | | | Средний балл бонитета | Водообеспеченность | Другие |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Пашня | Сенокосы | Пастбища | Другие угоди | | | |
| 1 | Земли запас лот №47 | Для животноводства | 2000,0000 12 год | | | 1997,0000 | 3,0000 | 4 | Необеспечен | |
| 2 | Земли запас лот №49 | Для животноводства | 2000,0000 12 год | | 100,0000 | 1897,6000 | 2,4000 | 7 | Необеспечен | |
| 3 | Карабулакский сельский округ лот №50 | Для животноводства | 27,0000 12 год | | | 27,0000 | | 14 | Необеспечен | |
| 4 | Земли запас лот №51 | Для животноводства | 4000,0000 12 год | | | 3995,0000 | 5,0000 | 5 | Необеспечен | |
| 5 | Кусакский сельский округ лот №52 | Для животноводства | 467,9298 12 год | | 75,0000 | 392,4298 | 0,50000 | 15 | Необеспечен | |
| 6 | Кусакский сельский округ лот №53 | Для животноводства | 1450,0000 12 год | | 200,0000 | 1244,0000 | 6,0000 | 14 | Необеспечен | |
| 7 | Кусакский сельский округ лот №54 | Для животноводства | 1503,0000 12 год | | | 1197,0000 | 6,9741 | 9 | Необеспечен | |
| 8 | Сельский округ Шабанбай би лот №55 | Для животноводства | 849,0000 12 год | | 200,0000 | 643,0000 | 6,0000 | 9 | Необеспечен | |
| 9 | Сельский округ Карамендe билот №56 | Для животноводства | 320,0000 12 год | | | 319,2000 | 0,8000 | 12 | Необеспечен | |
| 10 | Земли запас селский округ лот №57 | Для животноводства | 2000,0000 12 год | | | 1998,8000 | 1,2000 | 2 | Необеспечен | |

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3 обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: 15-00 часов 17 сентября 2024 года (указывается точная дата).

Конкурс проводится в соответствии с требованиями норм ст.ст.43, 43-1,48 Земельного Кодекса РК от 20 июня 2003 года № 442 и «Правилами организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» утвержденного Приказом Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан- Министра сельского хозяйства Республики Казахстан № 518 от 20 декабря 2018 года.

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Актогайского района»расположенного по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, село Актогай, улица Ә.Бокейхана, 10Г (2-й этаж, кабинет 1). Контактные телефоны: 8(71037) 2-12-92; 2-13-83: электронный адрес: aktogai_zher23@mail.ru.

**Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства» Актогайского района.**

*Тарих тағылымы*

# «Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың Қазақстан геологиясына қосқан ерен еңбегі»

*(Жалғасы. Басы газетіміздің өткен №25 (7967) санында).*

*Жезқазғанның кен байлығын зерттеуде үлкен еңбек сіңірген Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов тарихтан лайықты бағасын алуға тиісті. Орталық Қазақстанның елі сирек даласындағы Жезқазған маңы Совет үкіметі тұсында геологиялық зерттеу жүргізуі нәтижесінде жер қойнауындағы байлығының саны және неше алуандығы жағынан Советтер Одағындағы ең алдыңғы қатарлы ауданнның бірі болуы, мұндағы дүниежүзіндегі ең ірі мыс кенінің бірі Жезқазғанның атын шығарған ірі тұлға*

*XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының көшбасшысы, Ұлт көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның баласы. "Ол жылдары Әлихан Бөкейхан өкімет сескенетін саяси серке болып қалыптасты. Самарада Жер банкінде жұмыс істеп жүргенде 1910ж Әлихан Бөкейханның отбасында мұрагер дүниеге келді. Ол бертін келе орыс тілділердің ортасында болып, тағы бір есімге ие болып, Өкітай (Сергей) атанды.*

*1929 жылы Мәскеудегі Кен академиясын геолог мамандығымен бітіріп, еңбек жолын Қарсақпай, Жезқазған өңірін зерттеуден бастаған ірі ғалым. 1929 жылы "Атбасцветмет" тресінде геологиялық барлау бөлімшесі ашылып, сол жылдың соңында Жезқазғанда тұрақты барлау жұмыстары жүргізілді. Геологиялық комитет қызметкерлері мен білімдар жас инженерлердің арасында үлкен тар-тыс болғаны тарихтан белгілі. Олар Жезқазғанды ұсақ қана кен орны бар, онда көп қор жоқ деп тұжырымдаса, Қ.И.Сәтбаев, С.Ә.Бөкейхановтар Жезқазғанда үлкен қор жатыр деп жазды. Яғни ғылыми айтыс-тартыстың мәселесі Жезқазғанды индустрияландыру жоспарына кіргізбей, үлкен мыс комбинатының құрылысына жол бермеу болатын. Осындай кедергілерге қарамастан Жезқазған 1931 жылдың аяғында мыс қоры жағынан Одақ бойынша 1-ші орынға шықты. 1934 жылы деректер бойынша Американың мыс провинцияларын басып озды. "Қ.Сәтбаевтың қарсыластары 1938 жылдың аяғына дейін құрылыс жұмыстарына кедергі жасаумен болды. 1938 жылдың 10 ақпанында жаңа Жезқазған комбинатының құрылысын бастау туралы №50 тарихи бұйрық келді"*

*Бұл жерде Қаныш Сәтбаевпен бірге Өкітай (Сергей) Бөкейхановтың да еңбегі зор. Әкесі "халық жауы" деп репрессияға ұшырағандықтан, ол уақытта Бө-кейхановтың фамилиясы жүйеден қысым көріп, ылғи да көлеңкеде атаусыз қалып отырды. Еңбегі бағаланбады, аты аталмады. Өкітай (Сергей) Бөкейхановтың Қазақстанның жер асты, жер үсті пайдалы кен қазбалары, түрлі-түсті металдар туралы бірнеше ғылыми мақаласы белгілі. Мақалалары геология ғылымында үлкен қызығушылық туғызып, осы күнге дейін маңызын жойған жоқ. Өмірінің кейінгі жылдары жайында дерек өте аз, өйткені ол кездері мемлекеттік тапсырмамен жабық және құпия болып келген уран рудниктерін ашып, сол жерде басқару жұмыстарын ұйымдастырған. «Соңғы жұмысы-Хакасия автономиялық облысының Сор қаласындағы геологиялық барлау экспедициясының бас инженері қызметін атқарды. Мыс және уран кендерінің сипаты жөнінде бірнеше ғылыми еңбектер жариялаған.».*

*КСРО Ғылым Академиясының Үлкен Жезқазған мәселесін жан-жақты талқылаған 1934 жылғы қара-ша айындағы төтенше ғылыми сессиясында Қаныш Сәтбаевпен бірге мінбеге көтеріліп "Жезқазғанның кен аймағы және структурасы" деген тақырыпта баяндама жасау құрметіне Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейханов ие болады.*

*Жезқазған қаласынан солтүстік-батысқа 25 км қашықтықта орналасқан Жезқазған мыс кен орындары туралы Өкітай (Сергей) Әлиханұлы Бөкейхановтың ең көлемді зерттеу жұмысы "Жезқазғанның құрылымдық және кенді аудандары" деп аталады. Монографияда Орталық Қазақстанның Жезқазған-Ұлытау аудандарының табиғи ресурстарын игеру және жан-жақты зерттеу мәселелеріне арналған материалдар жинақталған.*

*Кен орнында энеолит заманында (б.з.б. 6000-5000) сақтар кен өндіріп, мыс пен қоланы балқытқан. "1927 жылы геолог Қ.Сәтбаев "Жезқазған ауданындағы мыс кендері" мақаласында "Жезқазған кендерін орыстардың бірінші рет ашық түрде 1837-38 жылдардағы Кенесары жорығының кезінде көруі ықтимал" – екендігін тарихи жағынан да анықтай түскен"– деп жазады.*



*Евгений, Үгедей Бөкейхановтар*

*"Қазіргі заманғы алғашқы мыс кәсіпшілігін 1847ж Н.А.Ушаков ашқан. 1904ж кен орны ағылшындардың "Атбасар мыс кентасы" қоғамына концессияға берілді."*

*Жас ғалым Сәтбаев мақаласында ағылшын кен барлаушысы С.Х.Боллдың өз қолымен жазып кеткен кітапшасындағы деректерді келтіре отырып "ағылшындар 1915 жылға дейін Жезқазғанда 234 ұңғыма жүргізген, 19 жерден шахта қауған бұрғы мен шахталар арқылы Жезқазған кен орындарының жалпы шамасы мен жобалы реттері қазірде аз да болсын ашылып, анықталып отыр"- деп жазды.*

*Жете барлау жұмыстары 1926 жылдан басталады. Ең алғашқы отандық мыс 1928ж Қарсақпай комбинатында балқытылды. Сол кездегі мықты геологтар Қ.Сәтбаев, С.Бөкейхановтардың 1929ж қолға алуымен басталған геологиялық барлау жұмыстарын 1931 жылдан Жезқазған экспедициясы үздіксіз жүргізіп келеді. "Жезқазған мыс кендерінің геологиялық құрылысы тас көмір, пермь және кайнозой шөгінділерінен құралған. Тас көмір жүйесінің орта және жоғары бөлімдерін қамтитын кен қабаттары Тасқұдық, Жезқазған свиталарына жіктеледі. Қалыңдығы 250-300м Тасқұдық свитасы 3 кенді горизонт құрайтын қызыл және сұр түсті 16 қабаттан тұрады. Қалыңдығы 350-400м Жезқазған свитасы 7 кенді горизонт түзетін қызыл және сұр түсті 36 қабаттан тұрады. Бұл қабатар литологиялық құрамы бойынша қызыл және сұр түсі аргиллит, алевролит құмтастан және аз мөлшерде жұмыртас, жентектас, әктас қабаттарынан тұрады. Кен сұр түсті құмтас қабаттарында шоғырланған. Тектоникалық құрылымына шығыс жағын шектейтін меридиан бағыттағы Шыңғыс-Ұлытау оңтүстігінен Теректі терең жарылымдары кіреді. Жезқазған синклиналі аумағында орналасқан кенді алаң Спасск мульдасы, Ақши күнбезі, Златоуст мульдасы, Кресто күмбезі, Анненск мульдасы және Анненск күмбезі атты бірінен бірі флексуралармен бөлінген құрылымдардан тұрады.*

*"Жезқазғанның құрылымдық және кенді аудандары" С.Бөкейхановтың ғылыми еңбегі. Ғалым Жезқазғандағы барлау тарихын баяндап, оның зор мүмкіндігін атап өтіп, сол істі жүзеге асыратын мәселелерді көрсетеді. "Геологиялық-тектоникалық ерекшелігіне негіздей отырып Жезқазғанның барлық мыс-кенді ауданын құрылымды ауданға бөліп зерттейді.*

*1.Орталық кенді аудан*

*2.Спасск опырмалы ойысының батыс қанаты (Петропавлс опырығының аймағы)*

*3.Спасск опырмалы ойысының шығыс қанаты (Спасск тектоникалық опырылу аймағы)*

*4.Кеңгір антиклиналының Оңтүстік және Оңтүстік-батыс қанаты*

*5.Кеңгір антиклиналының Солтүстік-батыс қанаты*

*Жезқазғанның барлық 13 кенді аудандары осы жоғарыда аталған 5 құрылымдық аудандарына кіреді"- деп жазады.*

*Осылардың ішіндегі ең ірісі аумағы және қоры бойынша Орталық кенді аудан. Орталық кенді ауданға батыстан Петропавл опырығы қосылады. Бұл ауданның өндірістік-барлау қорлары 1544,4 мың тонна мысты құрайды. Категория бойынша барлық Жезқазғанның жалпы қорының 89% құрайды екен. Жезқазғандағы кен минералды кварц дала шпаты мол сұр құмтастың тоғыз қабатқа дейін қатталып теңбілденген шұбар түрде кездесіп, жарықшақтарды толтырған құмтас-тардың құрамында кейде жер қыртысының тереңдегі қалпында ұшырасатыны жайында айта келіп, соған орай, мынандай тұжырым жасайды: кенді құмтастар Жезқазғанда берік және тұтқыр түрде кездеседі, жер-астының қазындылары ешқашанда опырылмайды, яғни ұңғуды тіреусіз жүргізуге болады, тіреу ағаштары мүлдем қажет емес, кеніш ішінде су болмаса, секундына литрдің небары оннан бір бөлшегін құрайды; кен қабаттарының қалыңдығы 20-30м біртекті кендер қалпында кездеседі, демек кенді шығарғанда өндірудің тиімді әдісін пайдалануға мүмкіндік береді, кеніштің кейбір кен шоғырлары бірінің үстіне бірі дестеленіп жатады, бұл жағдайда кейде қабаттасқан, бір ғана шахта оқпанынан қазуға мүмкіндік береді; Жезқазғанда ашық карьерлік жұмыстарды кеңінен жүргізуге мүмкіндік бар. Осының барлығы Жезқазған мыс кендерінің ерекшелігін (әлем бойынша 3 орын) және кендерді шығару мен өндіру технологиясы өте тиімді екенін аңғартады дейді ғалым.*

*"Орталық кенді ауданға келесі аудандарды кіргізеді: 1)Кресто, 2)Покровский, 3)Петро, 4) Златоуст, 5)Бе-ловский, 6)Тасқұдық. Осылардың ішіндегі ең ірілрі Крестоо және Златоуст"- деп көрсетеді ғалым. Оның ішінде Кресто кен аудан 45%, Златоуст кенді ауданы 25%, барлық Жезқазғанның қорларын құрайды екен.*

**Камшат Жақсылыққызы Абдрахманова,**
**Қарағанды медицина университеті**
**Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры.**

*(Жалғасы бар).*

*Нұркен ауылдық округіне –50 жыл*

# «Жамшы» кеңшары: жұлдызды жылдары мен өркендеу кезеңінде

Тарих қойнауына кеткен жиырмасыншы ғасырдағы тұңғыш әлеуметтік сипаттағы ірі держава – Кеңес Одағында өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы қатар дамып, қуатты экономикасының халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталғаны белгілі. Осы алып мемлекеттің құрамындағы одақтас республика – Қазақстанның да әлеуеті еселеп артып, жер қойнауындағы қазба байлықтарын өнеркәсібін өркендете, қалалар сала отырып игерумен қатар, аграрлы ел ретінде ауыл шаруашылығы саласына да үлкен көңіл бөліп, Одақтағы алдыңғы қатарды иеленгені ақиқат.

Республика тың игерудің нәтижесінде егін шаруашылығында ерен жетістіктерге қол жеткізгенмен, халқымыз үшін ғасырлық дәстүрлі мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығы басты назарда ұсталып, заман талабына сай дамуына серпін беріліп отырды. Төрт түліктің көбейіп, мал басының өсуіне байланысты жаңа кеңшарлар құру ісі жоспарлы түрде жүргізілді. Сол кезеңдегі Қарағанды облысында қой малы 70-80 мыңға дейін қысқа түсіп жүрген 3-4 шаруашылық болды. Соның бірі Ақтоғай ауданының «Ақтоғай» кеңшары еді. Кеңшар 1962 жылдың аяғында Ленин атындағы және «Бірлестік» ұжымшарларының негізінде құрылған болатын. Жарты миллион гектарға жуық жерді алып жатқан шаруашылықта 72 000 бас қой болды.

Оңтайландыруға жататын кеңшарлар қатарына жатқызылған бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорны бойынша тиісті зерттеулер мен талдаулар жүргізген Қазақ КСР-і Ауыл шаруашылығы министрлігі жергілікті атқарушы органдар ұсынысын ескере отырып, Ақтоғай ауданында жаңа қой шаруашылығы кеңшарын ашуды жоспарлап, жобалық құжаттары алдын ала аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына жіберілген екен.

Үкімет 1973 жылдың көктемінде Қарағанды облысының құрамынан Жезқазған облысын бөліп шығарып, Ақтоғай ауданы осы жаңадан құрылған облыстың әкімшілік-аумақтық бағынысына берілді. Осы жылдың қыркүйегінің алғашқы күндерінің бірінде жаңа кеңшар құру мәселесі бойынша жергілікті халықтың пікірін білу мақсатымен Жезқазған облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы С.Х.Әменов бастаған өкілетті топ Бірлестік бөлімшесіне келген еді. Бұл нышанды оқиға жөнінде ұзақ жылдар партия қызметінде істеген абыз ақсақал Зияда Аманбайұлының «Әулет аралық естелік» кітабында егжей-тегжейлі баяндалған.

Көп ұзамай, 1973 жылдың 13 қыркүйегінде Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің №471 қаулысымен Жезқазған облысының Ақтоғай ауданында «Жамшы» қой өсіретін кеңшарын құру туралы Жезқазған облыстық атқару комитетінің, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Мемлекеттік жоспарлау комитетінің ұсынысын қабылдаған шешім шығарылды.

Аталған Үкімет қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақ КСР-і Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1973 жылдың 20 қыркүйегіндегі №849 бұйрығымен «Жамшы» қой өсіретін кеңшары құрылып, тиісті ұйымдастыру шаралары белгіленді. Жаңа кеңшардың орталығы болып Бірлестік елді мекені бекітілді.

«Жамшы» кеңшары ауданның «Ақтоғай» кеңшарының №4 (Бірлестік бөлімшесі), №5 (Орта Ақсай), №6 (Имек) фермалары және «Қоңырат» кеңшарының №4 (Калинин) фермасы негізінде ұйымдастырылды. Жаңа кеңшар орталығының құрылысын заман талабына сай жобалап, архитектуралық келбетін жоспарлауға және қаржыландыруға Ауыл шаруашылығы министрлігі жете мән берді. Қала типтес Бірлестік кенті (поселок городского типа Бирлестик) деген атпен жасалған, тұрғын үйлер кешені, әлеуметтік-мәдени, білім, сауда нысандары, жөндеу ше-берханасы мен басқа да өндірістік орындар бас жоспарға енген. Орталық құрылысының бас мердігері болып «Прибалхашстрой» құрылыс тресті белгіленді.

Жоғарғы органдардың мұндай қолдауы үлкен шаруа еді, өйткені облыстағы бұрынсоңды ашылған қой шаруашылығымен шұғылданатын кеңшарлар орталықтары құрылыстарына мұндай мүмкіндіктер қарастырылмаған болатын.

Осы кезеңде Ауыл шаруашылығы министрінің қой шаруашылығы жөніндегі орынбасары болып Жамшы бойын жайлаған атақты Машақ болысының ұрпағы Кенешев Төлеуғазы (Анатолий) Қасымұлы қызмет атқарған еді. Кеңес заманындағы 30-шы жылдардың қуғын-сүргіні тауқыметін тартқан әулеттің елден жырақ кеткен, сыртта өскен тұяғы көкейінде туған жерге деген ықыласты сезімі ортаймағаны ақиқат. Шарапаты тиген лауазымды жерлесіміз 1973 жылдың мамыр айында Ақтоғай ауданында арнайы іссапарда болып, аудан басшыларымен келелі кеңестер құрғаны да кездейсоқтық емес.

Шаруашылықты құру туралы жоғарғы органдардың шешімі шыққан соң, жаңа түрпаттағы, дәулетіне сәулеті сай болғалы тұрған кеңшарды басқаруға лайықты басшы да тағайындалуы қажет еді. Аудандық партия комитетінің Ж.Шайдаров бастаған бюросының таңдауы Қауаз Мұқажанұлы Мұқажановқа түсті. Кадрлар резерві номенклатурасында таза қой шаруашылығымен шұғылдануға бағытталған кеңшарға жіберуге зоовет-инариялық жоғарғы білімді азаматтар болғанмен, Қауаз Мұқажанұлының директор лауазымына ұсынылуы негізсіз емес-тұғын. Қазақ ауыл шаруашылығы институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген ол «Казсельхозтехника» аудандық бірлестігінің басқарушысы қызметінде аталған кәсіпорынды алдыңғы қатарға шығаруға қол жеткізіп, Ақтоғай аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына жоғарылатылған болатын. Бұл лауазымда да Қауаз Мұқажанұлы аудан инфрақұрылымын дамыту, электрлендіру, телефон байланысын жетілдіру, автомобиль жолдарын салу, әлеуметтік-мәдени нысандар мен тұрғын үйлер құрылысын жүргізу ісіне жетекшілік жасап, мол тәжірибе жинақтаған еді. Қарқынды құрылыс жұмыстары жүргелі тұрған кеңшарға инженерлік біліммен ұштасқан бұл тәжірибе аса қажет-тұғын.

Сөйтіп, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бұйрығымен «Жамшы» кеңшарының тұңғыш директоры болып Қауаз Мұқажанұлы Мұқажанов тағайындалып, 1973 жылдың 20 қазанында жаңа шаруашылықтың орталығы болып белгіленген Бірлестік елді мекенінде кеңшар құрамына енген төрт бөлімше басқарушыларының, малшы-механизаторларының, әлеуметтік-мәдени, білім саласы өкілдерінің, зейнеткерлердің, жаңадан қабылданған мамандардың қатысуымен өткен жалпы жиналыста аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Жұмаділда Ыдырысов мен ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Жаңабек Қойлыбаев ұжымға таныстырды.

Осы іріктеу мен тағайындау сәттері «Жамшы» кеңшарының әрі қарайғы салынуы мен дамуында атқарылған жұмыстар, кадрлар мен еңбек адамдарының шаруашылықтың әр саласында жасаған жасампаз еңбектері, басқа да мәселелер қайраткер тұлға Қауаз Мұқажанұлының «Жадымдағы жазбалар» атты кітабында кеңірек таратылып айтылған. Сонымен бірге «Жамшы» кеңшарының тарихына қатысты деректер белгілі өлкетанушы-шежіреші, ақын-журналшы Қуандық Сәденовтың «Ауылым Жалаңтөстің Қызылтасы» ақпараттық-танымдық еңбегіне де енгізілген.

«Іс тетігін кадрлар шешеді» деген сол заманның қағидасына орай, жаңа шаруашылықтың басшысы тағайындалған соң, оның басқару аппаратының мамандары, партия, кеңес, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының жетекшілері лауазымдарына да біліктілік талаптарына сай іріктелген адамдарды жедел-дете орналастыру қажет еді. Өйткені алда аса жауапты науқан – мал қыстатуды ойдағыдай өткізу тұрған. Кеңшардың алғашқы қалыптасу кезеңінде бас зоотехник болып Қалмерден Шәймерденов, бас инженерлікке Сәулебек Изатов, бас мал дәрігерлігіне Қуан Қасымов, бас бухгалтерлікке Қасымбек Жұмабеков, бас экономистікке Сағынтай Аяғанов, кадр бөлімінің инспекторлығына Данағұл Стамбеков, прорабтыққа Құрал Карин, экономистікке Құдайберген Ордабаев тағайындалды.

Жаңа кеңшар құрылғанға дейін де жұмыс жасап келген Бірлестік бөлімшесінің басқарушысы Қарпық Алдабергенов, Орта Ақсай бөлімшесінің басқарушысы Орал Рақымбеков, Имек бөлімшесінің басқарушысы Ыбыкен Даданбаев, Калинин бөлімшесінің басқарушысы Әбілмаш Мұқанов қайыра тағайындау алып, өз қызметтерін әрі қарай жалғастыра берді. Тек қана фермалардың реттік нөмірі ауысып, Калинин – №1 ферма, Бірлестік – №2 ферма, Орта Ақсай – №3 ферма, Имек – №4 ферма аталды. Сонымен бірге аппарат пен бөлімшелердің орта буын кадрлары да өз ретімен тағайындалып жатты.




Осы жылдың желтоқсан айының 9-да Калинин бөлімшесінде «Жамшы» кеңшары коммунистерінің жалпы жиналысы өтіп, оған қатысқан сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жаманкұл Шайдаров жаңа шаруашылық еңбеккерлері мен коммунистерінің алдында тұрған міндеттерге тоқталды. Ұйымдық мәселе қаралған осы жиналыста кеңшар партия ко-митетінің құрамы бекітіліп, оған кеңшар директоры Қауаз Мұқажанов, Мырзахан Қалиақпаров, Зияда Аманбаев, Қаура Әбдіразақов, Қасымбек Жұмабеков, озат шопандар Зікірия Көпбаев, Шәмел Башаев мүше болды. Аудандық партия комитетінің бюросы атынан ұсынылған Мырзахан Қалиақпаровты жиналыс партком хатшысы етіп сайлады.

Жиналыста бірінші хатшы Ж.Шайдаров келешекте сайланатын селолық кеңестің төрағалығына З.Аманбаев, жұмысшылар (кәсіподақ) комитеті төрағалығына Қ.Әбдіразақов жолдастар ұсынылып отырғанын жария етті.

Көп ұзамай өткен кеңшар жұмыскерлерінің жалпы жиналысында Қаура Әбдіразақов жұмысшылар комитетінің төрағасы, ал комсомол ұйымының жалпы жиналысында Қайыркүл (Қайыркен) Кенжебаев комсомол комитетінің хатшысы болып сайланды.

1973 жылдың 30 желтоқсанында «Жамшы» кеңшарының аумағында Нұркен селолық кеңесін құру туралы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің қаулысы қабылданып, ал 1974 жылдың 20 наурызында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығы шықты. Осыдан кейін селолық кеңес депутаттарының сайлауы өтіп, 1974 жылдың 29 сәуірі күнгі батыр жерлесіміз Н.Әбдіров атымен аталған селолық кеңестің бірінші ұйымдық сессиясында атқару комитетінің төрағалығына белгілі болғандай, Бірлестік сегізжылдық мектебінің директоры Зияда Аманбаев сайланды. Селолық кеңес хатшылығына Марат Әбдірбаев бекітілді.

Ұйымдастыру жұмыстары біршама ыңғайланып, жаңа леппен, үлкен құлшыныспен, жеткілікті жігермен іске кіріскен кадрлар корпусы алдағы міндеттерді шешуде мақсаткерлікпен еңбек етті.

Жер көлемі 287 000 гектар болатын «Жамшы» қой өсіру кеңшары аудандағы ең аумағы үлкен шаруашылық болды. Халқының саны 1400 адамнан асатын селолық кеңеске қарасты елді мекендерде екі сегізжылдық, 2 бастауыш мектеп, 2 клуб үйі, 2 медициналық пункт, 4 кітапхана, т.б. әлеуметтік-тұрмыстық нысандар қызмет көрсетті.

Қысқа түскен 45 000 бас қой, 260 бас жылқы, 97 бас ірі қара малы 54 қыстаққа орналастырылған кеңшар аудан ғана емес, облыстағы ең ірі тауарлы шаруашылықтың бірі еді.

Жаңа кеңшардың байырғы малшы-механизаторларының, фермалар меңгерушілері мен мамандарының, кейіннен бол-ған бас мамандар мен басқа да еңбек адамдарының ұйымшылдығы мен қажыр-қайратының арқасында алғашқы мал қыстату кезеңі де аяқталды.

Министрлік белгілеп берген Бірлестік ауылы өзінің кеңшар орталығы ретіндегі алғашқы жылдағы миссиясын біршама орындап шықты. Бірақ, кеңшардың құрылғандығы жөніндегі ресми құжат шықпай жатып-ақ бұл атырапта болып өткен облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы С.Х.Әменов бастаған жұмыс тобы ең алдымен басқа кеңшар құрамында тұрған, кезінде өзі де ірі ұжымшар орталығы болған, қалыптасуы бөлектеу Калинин елді мекенінің халқымен кездесіп, олардың да пікірлері мен

*(Жалғасы 7-бетте).*

*Жалғасы. Басы 6-бетте).*

уәждерін ескеріп, жобада белгіленген Бірлестіктен басқа жерге, Жамшы өзені бойындағы Тезекбай шоқысы маңындағы жазыққа ауыстыруға пәтуаласып, болашақ кеңшардың орталығы болатын орынды белгілеп кеткен еді. Осыған байланысты кеңшар басшылығы Ауыл шаруашылығы министрлігіне кеңшар орталығын өзгертіп, басқа қолайлы жерге ауыстыру туралы рұқсат сұраған хат жіберді.

Әрине, бұл шешімге Бірлестіктің байырғы тұрғындарының бір тобы қарсылық білдіріп, Үкіметке арызданып, бұл өтінішке де назар аударып, қарау туралы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1974 жылдың 16 сәуірдегі №17-10-481 хаты болғанымен, көпшілік елдің қолдап отырғандығы жөнінде жоғарғы органдарға құжаттар жіберіп, қорытындысында рұқсат алынды.

1974 жылдың 13 мамыры күні қу дала болған жерде, белгіленген Тезекбай шоқысының оңтүстігіндегі жазықта, кеңшар директоры Қ.Мұқажановтың қатысуымен келешек жаңа орталықтың алғашқы қазығы қағылып, Алексей Чернигов бастаған құрылыс бригадасы шаруашылық әдіспен салынатын негізгі құрылысқа дейінгі кеңсе, мектеп, интернат үйлерінің табанын тартты.

Айдың аяғына қарай Министрлік, облыс басшылығы белгілеген негізгі мердігер «Прибалхашстрой» құрылыс тресті бас жоспарға сәйкес, тұрғын үйлер кешенін салуға кірісті. Республикаға белгілі құрылыс ұйымының машықтанған құрылысшылары жұмысқа қарқынмен кірісіп, иен дала қызу құрылыс алаңына айналды.

Атап өту керек, кеңестік кезеңдегі жақсы үрдістердің бірі – жастарды еңбекке тәрбиелеу және шамалы айға болса да өздері үшін қаражат табуға бағытталған студенттердің құрылыс жасақтарының (отряд) игілікті тәжірибесі жаңа кеңшар құрылысында да өз қолтаңбасын қалдырды.

Трест арқылы келген Латвия КСР-інің Рига мемлекеттік университетінің студенттік құрылыс отряды алғашқы көшелердің тұрғын үйлерін салуда жастық жігермен аянбай еңбек етіп, құрылыс жұмыстарын белгіленген кестеге сай, сапалы аяқтап шықты. Кейінде біткен көшелердің бірі солардың құрметіне Достық көшесі деп аталды.

Небары 4-5 айдың ішінде «Прибалхашстрой» трестінің құрылыс учаскелерінің қажырлы еңбегінің нәтижесінде 20 шақты үй пайдалануға беріліп, алғашқы 40-тай отбасы қоныс тойын тойлады. Сөйтіп, ақшаңқан қалашықтың берік іргетасы бой көтерді. Құрылыстың бас жоспарға сай жүруіне «Карагандагорсельпроект» жобалау институтының кеңшарға бекітілген бас жобалаушы-инженері В.И.Агеев бақылау жасады. Айтулы трестің кеңшардағы мақсатты жұмысы әрі қарайғы жылдарда да жақсы жалғасын тауып отырды. Өйткені, орталықтандырылған қаржы арқылы салынатын нысандарға бас мердігер болу міндеттелген бұл кәсіпорынның кеңшардағы салып жатқан құрылыстарының кестеге сай аяқталуына облыстық партия, атқару комитеттері қадағалау жасап, оны Балқаш қалалық партия комитеті арқылы жүргізіп отырды. Қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Ж.Әбуғалиевтің алдында «Прибалхашстрой» трестінің Жамшы бойынша атқарған жұмыстарының апталық мәліметтері жатып, тиісті сұраулар жасалынатын. Трест басшылары Айзик Александрович Сад та, одан кейінгі болған Валерий Генрихович Кун де, Владимир Александрович Григорьевский де бұл іске жанашыр көзқараста болып, кеңшар директорымен тығыз жұмыс жасап, қойған мәселелерді жедел шешіп беретін.

Жоспарланған тұрғын үй кешенін салуды трест 1980 жылға қарай толық аяқтап, сәні келіскен бес көше тұрғызылды (50 үй, 100 пәтер). Бұдан тысқары шаруашылық есебінен осы жылдарда екі пәтерлі 4 үй, бір пәтерлі бір үй, жұмыскерлер үшін шағын жатақхана мен асхана, 2 дүкен, клуб пен кітапхана ғимараты салынды. «Прибалхашстрой» құрылыс ұйымы бас жоспарға сәйкес, ірі құрылыстар салуға да жауапкершілікпен қарап, 1978 жылы екі қабатты 400 оқушыға арналған орта мектеп, 120 балалық интернат үйін, 1988 жылы сәулетті екі қабатты Мәдениет үйін (1988 ж.), 140 балаға арналған балабақша, оларға кәріз жүйесін, қуатты Орталық жылу қазандығы ғимаратын пайдалануға берді, екі қабатты кеңсе ғимараты, типті сауда-қоғамдық тамақтандыру кешені, биотазарту қондырғысы құрылыстарын бастады. 8 гектар аумақта мәдени-демалу паркі жасалып, онда Ұлы Отан соғысы құрбандарына ескерткіш пен мәңгілік алау, сахна, спорт, би алаңдары, ашық су бассейні салынды. Ағаш егу жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Трестің көмегімен кеңшар орталығы тұрғындарын, әлеуметтік-мәдени, өндірістік нысандарды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Жамшы өзенінің бойынан те-рең ұңғыма (скважина) бұрғыланып, сорап стансасы салынды. Ауылға бес шақырымдық су жүйесі тартылып, су айдауыш мұнара орнатылды, көшелерге су тартқыш қондырғылар қойылды. Тұрған жерінде су өте тереңде, оның өзі ішуге келмейтін ауыл үшін бұл шешімін тапқан шаруа болды.

Кеңшар орталығы мен бөлімшелердегі, қыстақтардағы құрылыс жұмыстарының сапалы әрі мерзімінде бітуінде, нормативке сай болуында прорабтар Қ.Карин, Б.Әбжанов, Н.Бейсембаев, О.Еңсебаев жауапкершілікпен жұмыс жасады.



Кеңшарда шаруашылық әдіспен салынатын құрылыс нысандарында жаз маусымында тұрақты 2 құрылыс бригадасы, науқандық 4-5 бригада жұмыс жасады. бұлардың құрамының көпшілігі кавказдықтар еді. Құрылыс бригадирлері А.Чернигов, Ы.Әбділдин, құрылыс шебері Қ.Қауанов, құрылысшылар Қ.Кенежанов, А.Фатыхов, Ж.Мержанов, Е.Рахманов, Н.Работников, Сулин, Дунаев, Ковтун, Е.Омарбеков, А.Байбосынов, т.б. қолтаңбасы көптеген нысандарда қалды.

Құрылыс цехы алаңында ағаш тілу қондырғысы (пилорама), құрастыру жабдықтары, құрылыс материалдары қоймасы, шлакты блок (кірпіш) құю агрегаты тұрақты жұмыс жасады. құрылыс материалдары қоймасы меңгерушілері С.Жақанов, Қ.Нұрахметов, Қ.Қауановтың материалдық құндылықтарды сақтаудағы қалтқысыз еңбектерін атап өту керек.

«Жамшы» кеңшары мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын дамыту және оның өнімдерімен елімізді қамтамасыз ету мақсатында құрылғандықтан, бұл шаруашылық өндірісінің негізгі саласына айналды. Қой шаруашылығы саласының тиімділігін арттырып, оны интенсивті түрде жүргізудің алғышарты мал тұқымын асылдандыруда жатқандықтан, бұл іске үлкен мән берілді. Өйткені, 60-шы жылдардың ортасына қарай бұл жұмыс Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институты ғалымдары тарапынан басталып, Имек бөлімшесінде асыл тұқымды ядро қалыптастыру қолға алынған болатын.

Шөл және шөлейт жерлерге аудандастыра отырып, малдың тұқымдық және өнімдік қасиеттерін жетілдіруде шаруашылыққа өсіруге ұсынылған және бекітілген қой түрі «дегерес» етті-жүнді тұқымдық қойы еді. Ең алғаш қойдың осы түрін елінде де өсіруді шешкен академик Мүсілім Ермеков жерлесіміз болатын. Дегерес қойы 1914 жылы Алматы өңірінде, Дегерес ауылында жергілікті қазақы құйрықты қойларды ағылшынның «шропшир» етті, биязылау жүнді қой тұқымымен шағылыстыру арқылы будандарды «прекос» тұқымды қой малының қошқарларымен қан алмастыру нәтижесінде алынған.

Дегерестің басты ерекшелігі – жыл бойы жайылымда бағылуға көнбіс, қазақы қойдың құйрықтылығы мен біркелкі ақ, ұяң жүнді қасиеттері тиімді ұштастырылған, әлемдік тәжірибеде кездеспейтін қой тұқымы еді. Осы биязы жүнді дегерес қойларын жергілікті табиғатқа бейімдей отырып, жаңа ұяң жүнді, құйрықты қой тұқымына айналдыруда, жаңа түрін (типін) шығаруда кеңшар басшылығы, мал мамандары, шопандар, әсіресе, осы іске тікелей жауапты болған бас зоотехник-селекционер Сүйіндік Аханов, кейін осы лауазымда болған Зәрузада Тәукеев үлкен еңбек сіңірді.

Бұл орайда кеңшардың асыл тұқымды қой шаруашылығына айналуына зор үлес қосқан, басшылығымен үнемі байланысты болып, селекция жұмыстарын бір сәт назардан шығармаған Алматы зооветеринария институтының (АЗВИ) кафедра меңгерушісі Әнуарбек Байжұмановтың, ғылым докторы, жоба жетекшісі Төлеуқұл Садықұловтың, жыл сайын жаздың екі-үш айын Жамшыда өткізген ғылыми қызметкерлер Георгий Федорович Соколовтың (сонау 1965-ші жылдардан бастап), Мәден Ноғайбековтың, Құдайберген Бекбосыновтың, Қырғызбай Бегімбетовтың, т.б. өлшеусіз еңбектерін айта кету керек.

Дегерес қой тұқымын шығаруға байланысты ғалымдар мен кеңшар еңбеккерлерінің мақсатты ұзақ жылдарғы жұмыстарын 1979 жылдың қараша айында КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің қой шаруашылығы жөніндегі бас басқармасының бастығы Иван Тимофеевич Котлеровтың басқаруымен құрылған мемлекеттік тексерістен өткізу (апробация) комиссиясы кеңшарға келіп көріп, атқарылған істерге жоғары баға беріп, мақұлдады. Келешекте осы дегерес қой тұқымының екінші өндірістік жамшылық түрін (типін) жасаумен шұғылдануға кеңес берді. Нәтижесінде 1982 жылы КСРО Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен «Жамшы» кеңшарына асыл тұқымды қой өсіретін шаруашылық мәртебесі беріліп, куәлігі тапсырылды. АЗВИ-дің бір топ ғалымдарымен бірге кеңшардың атақты шопаны, «дала академигі», ұзақ жылдар өзінің отарында селекциялау жұмысымен талмай шұғылданған Зікірия Көпбаев та дегерес қой тұқымының авторы атанып, куәлігіне ие болды. Мал тұқымын асылдандырудағы көрнекті жұмыстар арқасында 1982 жылдың жазында елеулі оқиға – КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғылыми-техникалық кеңесінің Одақ бойынша семинары осы кеңшарда өткізіліп, оған барлық республикалардың ғалымдары мен мамандары қатысты.

Дегерес қойының орташа салмағы қазақы қойдан төменірек болғанмен, одан қырқылатын жартылай биязы және ұяң ақшыл жүндер әр басқа шаққанда 2-3 есе көбірек алынып, жылына алынатын 100-120 тоннаға дейінгі жүн Жамбыл, Семей жүнді алғашқы өңдеу фабрикаларына жоғары бағамен өткізіліп, кеңшар кассасына қомақты қаржы түсетін. Ал жыл сайын республиканың басқа облыстары шаруашылықтарына сатылатын 500 бас қошқар, 2 000 басқа дейінгі асыл тұ-қымды дегерес тұсақтардың салмағы келісімді түрде жоғары қойылатындықтан, шынайы орташа салмағының кемшін тұсын жауып, кеңшардың, қала берді ауданның көрсеткіштерінің жақсаруын қамтамасыз етіп, қаржылай үлкен табыстар әкеліп отырды. Дегерес қойының 20%-ы элиталық, 51%-ы 1 класты болды.

Аталық қошқарлар мен аналық қойлар 1987, 1988, 1989 жылдары Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесі (ВДНХ) мен Алматыдағы республикалық көрмеге жыл сайын апарылып, жүлделі оралып, арнайы дипломдармен, кубоктармен және мақтау грамоталарымен марапатталды.

Мал шаруашылығының басқа салаларында да селекциялық асылдандыру жұмыстары жоспарлы жүргізілді. Саны 700 бастан асқан жылқы табыны Ақтөбе облысынан жабының Мұғаджарлық типі мен Орал облысынан Көшім, Қостанайлық асыл тұқымды айғырларын әкеліп қосқан соң, сапалық жағынан айтарлықтай жақсара түсті. Кейінірек Торғай облысы Жақсы ауданы «Терісаққан» кеңшарынан 100 бас асыл тұқымды қазақтың ақ бас сиыры әкелініп, ірі қара малдан алынатын өнімдер, оның ішінде мемлекетке ет өткізу көлемінің артуы үшін жұмыстар жасалды.

Қой шаруашылығын өркендету оның материалдық-техникалық базасын нығайтумен тікелей байланысты болғандықтан, жыл сайын шопан-бақташыларға арналған ондаған үйлер, мал қоралары салынып, қыстақтар жоғарғы вольтті электрлендіру жүйесіне қосылды. Қыстақтар мен жайлау-күзектерге мал су ішуден тарықпас үшін 230 түтікті және шахталы құдықтар мен бетондалған плиталарға орнатылған астаулар қажетті толығымен ашып тұрды. Олардың жұмысы гидротехник Қанаш Қамбаровтың бақылауында болды.

Орталықтандырылған қырқын пункті қоймасымен, механикаландырылған, ерітіндіні жылытатын арнайы қазандығы бар қой тоғыту қондырғысы, қойдың айналмасына, мұрын құртына, т.б. ауруларына қарсы ингаляция жасалатын механикаландырылған барокамера құрылыстары, ветаптека пайдалануға беріліп, бір атырапта орналасқан осы нысандар ветеринарлар мен санитарлар еңбегін бүтіндей жеңілдетті.

Қырқын пунктінің жұмысын ұйымдастыруда, ішкі мұқтаждыққа сойылған мал терісін ретке келтіріп, тиісті орындарға өткізуде, кіріс көзінің бірі – қой жүнін сұрыптап, тайлап, фабрикаға жіберуде жауапты маман Атымтай Рахымберлиннің еңбегі айтарлықтай еді.

Селекция мамандарының дегерес қойын сұрыптау (бонитировка), класын анықтау жұмыстарын жеңілдету үшін арнайы қаумал жасалды. Жылқы шаруашылығында да жылқыны егу, зерттеу, қан алу, таңбалау, күзеу жұмыстарын жүргізуге Мәлике жайлауында арнайы темір қаумал жасалып, оны тіпті көршілес аудан кеңшарлары да пайдаланған кездер болды.

Кеңшар орталығына жақын маңнан да жылқы қаумалы (загон) жасалып, Семей қаласындағы эксперименталді зауыттан механикаландырылған бие сауу қондырғысы, электр қуатымен пісу аппараты әкеліну, жаздың 3-4 айында 60-80 бас биеден қымыз дайындалды және Балқаш қаласы, Ақшатау кенті өндіріс орындарына, Ақтоғай аудандық тұтыну қоғамына, кеңшар асханасына сұраныстары бойынша өткізілетін.

**М.Тәтибеков,**
**Кеңшардың бұрынғы директоры, мемлекеттік қызмет ардагері.**

*(Жалғасы бар).*

# Құттықтаймыз!



*Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті бауырымыз* ***Алдашев Еламан Алдашұлы!***

*Сені асқаралы 60 жасқа толған, меншікті де мерейлі мерекеңмен шын жүректен құттықтаймыз. Айтулы жасқа қадам басқан той иесіне ғұмырлы жас, берекелі де мерекелі өмір, әрқашанда шаттыққа толы көңіл күй тілейміз. Денсаулығың мықты болып туған-туыс, дос-жарандарыңның ортасында құрметке бөленіп жүре бер.*

*Ақ түйенің қарны бүгін жарылсын,*
*Туған-туыс үйге бүгін ағылсын.*
*Ақ ниетпен тілеген ақ тілектер,*
*Періштенің құлағына шалынсын.*

***Игі тілекпен: жезде-апасы–Сейіт-Света, және жиендері.***



*Ақтоғай ауылының тұрғыны, көршіміз* ***Бөгенбаева Айгүл Тәңірбергенқызы!***

*Сізді 50 жасқа толған мерейжасымен шын жүректен құттықтаймыз. Бүгінгі мерейтой иесіне зор денсаулық, қажырлы қайрат, куш-қуат тілейміз. Сол денсаулықтың арқасында өмірдің мол несібесін алып, бала-шаға, отбасының, ағайын-туыс, ел-жұртының ортасында бақ-берекелі, ұзақ ғұмыр сүрсе екен дейміз. Мейірімді жүзінен шуақ кетпей, айналаңды шадыман шаттыққа бөлей беруге нәсіп етсін.*

*Жүрегіңіз осы күнде шаттанып,*
*Балаларыңыз өзіңізбен мақтанып.*
*Аман-есен ортамызда жүргейсіз,*
*Тоқсан, жүздің шыңдарына аттанып.*

***Тілек білдірушілер: көршілеріңіз – Бикен, Мнифа, Райхан, Асан, Олжабай, Кәкен, Өміртай, Қымбат, Маржан, Сүйіндік, Дәулет, Болат, Еркебұлан Р., Жанболат, Еркебұлан Б., Қуаныш, Бекайдар, Есхат.***

## Хабарландыру

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 12.08.2024 жылы сағ 15:00 – де болады.

**Күн тәртібінде төменгі мәселелер қаралады:**

1. Серіктестіктің 2024 жылғы бюджетін қайта қарау.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай селосы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек:

8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71.

**«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС.**

# Үш дос

«Доссыз өмір – түссыз ас», – деген ежелден. Әкеміз Оразбек Рақым-бекұлының өміріндегі ең жақын, жастық шағынан бірге болған жан құрдасы Шортанбаев Бектұрсын мен Тохметов Жарылғап әкелеріміз еді. Жарасымды әзілдесіп, бала күнімізде балаларын қозыдай шулатып аралastырып жіберіп, арқа-жарқа дастарханда болып отырушы еді. Үшеуі де Ақтоғай ауданының қадірлі азаматтары болды. Шортанбаев Бектұрсын Ақтоғай ауданының мәдениет бөлімінің бастығы кейіннен Жезқазған қаласы облыс болғанда Жезқазған облыстық мәдениет басқармасының бастығы болды. Мені айрықша жақсы көріп «менің балам»



дейтін. Үйге Күләш анамыз екеуі қона қалса мені еркелетіп, орталарына алып жататын. Бектұрсын әкеміз тұңғыш қызының атын менімен аттас «РЫМГҮЛ» деп қойды. Өмірден ерте озды ғой. Жаны Фирдауси жәннатының ақ төрінде болсын. Жұбайы Күләш анамыз немере-шөбере сүйіп отыр. Зәмзәгүлімен Көкшетаудан көшіп келген соң Астанада көп жылдардан соң табыстық. Бектұрсын әкеміздің ұрпақтары Қарағанды, Жезқазған, Астана қалаларында жайқалып жетілуде.

Тохметов Жарылғап әкеміз Ақтоғай ауданының қадірлі азаматы болды. Аудандық райкомда инструктор, басқа да лауазымы жоғары қызметтер атқарды. Кейіннен қазіргі Әлихан Бөкейханов аты берілген қазақ орта мектебінің директоры болды. Жас ұрпақтарға білім мен тәрбие беруге ат салысты. Ұрпақтары Ақтоғай ауданында, Қарағанды қалаларында немере-шөберелері өсіп-өнуде. Жұбайы Төлеу ұстазымыз бақытты әже. Ауданда өз шаңырағында балаларымен ғұмыр кешуде. Аман болсын. Мектеп бітірген соң үшеуі Қарағандыға оқуға барады. Ол жолы тек әкем ғана институтқа түседі. Бектұрсын мен Жарылғап «оқуға түспедік» деп мойымай, келесі жылы бақтарын сынамақ болып, әзірге жұмысқа түседі. Әкем студент. Елден көп ешкім қатыса қоймайды, әсіресе, қыста. Бірде әкем екі досына «Екеуіңнің жұмыс істеп, еңбекақы алғандарыңды қайтейін, маған пайдаларың жоқ»,– деп кимінің жүдеулігін меңзеп, реңжіпті. Достары күліп еңбекақыларын алып әкемді шыттай киіндіріпті. Келесі жылы екеуінде оқуға түсіп кетіпті. Абай атамыз айтқандай «Сын сағатта мұнан менің қай жаным ауыл», – деп қасыңда бірге тұрып қала алатын адам ғана дос деген атқа лайық. «Киімнің жаңасы жақсы, достың көнесі жақсы»,- деген халық мақалы. Әкемнің досшылдық қасиеті балалары бәрімізге беріліп, қанымызға сіңген, адал достықты әкемізден үйренгенімізді мақтан етеміз.

**Сіздерді сағынып еске алушы:**
**Оразбекқызы Рымгүл,**
**Астана қаласы.**

# Сенім телефоны

*Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037) 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.*

# Еске алу







Кейде уақыт шіркіннің жүйріктігіне терең оймен үңіліп, кеше бар, бүгін жоқ адамдарды еске алып терең күрсінесің. Осыдан 29 жыл бұрын мектеп қабырғасында алаңсыз құлын-тайдай тебісіп, балалықтың бал дәмін бірге татып жүрген құрдастарымызды бүгінде сағынышпен еске аламыз. Бүгінде біздер ел ағасы, ел анасы деген – 45 жастамыз. Сонау мектеп қабырғасында бірге қаріп таныған құрбыларымыз **Түсіпбекова Жазира Абылайқызы** небәрі мөлдіреген 25 жасында арамыздан бақиға кете барды. Өз ісіне мығым, алғыр, жоғарғы оқу орнын қызыл дипломға тәмамдап, жарқырап тұрған шағында аққан жұлдыздай ортамыздан алыстап кетті. Ал, кластасымыз **Боқанова Меруерт Ақанқызы** біртоға, өзіне тапсырылған істі тиянақты орындап, өзінің білімпаздығымен ерекшеленуі еді. Артында қалған жалғыз тұяғы биыл мектеп бітіріп үлкен өмірге жолдама алды. Алла Меруертіміздің артындағы ұрпағы Исламға бақытты ғұмыр берсін. Бұл еске алу жазуымыздың өзі ауырға соғып тұр. Мектепті үздік оқып, ондағы қоғамдық жұмыстарға белсенділікпен қатысып, жарқылдап жүріп мектеп бітіріп, өмірден өз орнын тауып 4 баланың анасы болған **Әшімбекова Әсемгүл Өмірбекқызы** қандай еді?! Мектепте ұстаздардың үлгі тұтар шәкірті, жұмысында білікті маман, отбасында аяулы ана бола білген еді. Тағдырға не шара бүгінде Әсемгүліміздің екі қызы өмірде өз жолдарын тауып тұрмыс құрды, бақытты болсын құлыншақтар.

Замандастарымызды биыл 45 жасқа толар еді деп құрдастары еске алудамыз. Әрине, олардың орны ойсырып тұр. Алладан артындағы ұрпақтарына, отбасыларына сабыр, ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз.

Құрдастарымыздың жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын. Жандары жәннатта, тәндері рахатта болсын деп Алладан дұға сұраймыз.

Қалды өмірде қанша армандар үзіліп,
Кеттіңдер ғой қыршын жаста үзіліп.
Ақжарқын бейнелерің қалды көңілде,
Бақи дүниенің ұзақ сапарына кезігіп.

**Сағынышпен еске алушылар: 1995 жылы Ә.Бөкейхан атындағы орта мектептің түлектері.**


Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА
Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА
Меншік иесі: ''Ақтоғай ажары''газеті редакциясы ЖШС
Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)
Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакциясының компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.
Таралымы 880 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39





Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru
Газетке А4 форматы 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.